

Жаңа баспана – үміт, тұрақтылық және мемлекеттің қамқорлығының белгісі

Сәрсенбінің сәтті күнінде Макинск қаласындағы Шевченко көшесінде жаңадан бой көтерген тұрғын үйдің пәтер кілттері аудан тұрғындарына салтанатты түрде табысталды.

Шілденің 29-шы жұлдызында Макинск қаласының тұрғындары үшін ерекше қуанышқа толы, көптен күткен маңызды оқиға орын алды. Қалада тұрғын үй кезегінде тұрған аудан тұрғындарына жаңа пәтерлердің кілттерін табыстау рәсімі өтті. Бұл күн талай жыл бойы баспана кезегін күткен көптеген отбасы үшін үлкен қуаныш пен өміріндегі жаңа кезеңнің бастауы болды.

Салтанатты шараға Ақмола облысының әкімі Марат Ахметжанов қатысты. Сонымен қатар қуанышты іс-шараға өңір басшысының орынбасары Алтынай Әміренова, бірқатар өңірлік мекеме басшылары, Бұланды ауданының

әкімі Ардақ Смайылов, аудан әкімінің орынбасарлары, аудандық Ардагерлер кеңесінің төрайымы Бигайша Тұртанова, аудандық Ақсақалдар кеңесінің төрағасы Шахман Құсайынов, аудандық мекеме басшылары, жастар қатысты. Облыс басшысы жаңа қоныстанушылардың қуанышымен бөлісіп, азаматтардың әл-ауқатын арттыруға, әлеуметтік осал топтарды қолдауға және тұрғындарға қолайлы өмір сүру жағдайларын жасауға бағытталған мемлекеттік тұрғын үй саясатының маңыздылығын атап өтті.

Көптеген отбасы үшін бұл күн - орындалған арманның күні. Қолдарындағы жаңа пәтердің кілті, жүздеріндегі қуаныш пен жүректеріндегі толқу ерекше әсер қалдырды. Салтанатты шараға тұрғындар жақындарымен бірге келіп,



жаңа баспаналарына деген үлкен қуаныштарын бөлісті.

Жаңа пәтер иелері қатарында әлеуметтік осал топтарға жататын азаматтар бар. Олардың арасында көпбалалы аналар, мүмкіндігі шектеулі жандар, ата-анасының қамқорлығынсыз қалған балалар, жетім балалар және басқа да мемлекеттік қолдауды қажет ететін азаматтар бар.

Жаңа баспананың кілтін алған тұрғындар Қазақстан Республикасының Президентіне, облыс басшылығына және жергілікті атқарушы органдарға көрсетілген қолдау мен халықтың тұрмыс сапасын жақсартуға бағытталған жұмыстар үшін шынайы алғыстарын білдірді.

Жаңа үй - бұл тек баспана ғана емес. Бұл - отбасы жылуы орнайтын, балалардың күлкісі естілетін, жаңа армандар мен жоспарлар жүзеге асатын қасиетті мекен. Бұл - тұрақтылықтың, сенімнің және жарқын болашаққа деген үміттің белгісі.

Осындай қуанышты сәттердің бейбіт әрі тұрақты елде жүзеге асуы - үлкен құндылық. Тұрғындар ең басты байлық - еліміздегі тыныштық, қоғамдағы келісім және ертеңгі күнге деген сенім екенін атап өтті.

Бүгінде Бұланды ауданы қарқынды дамып, өзінің әлеуетін нығайтып келеді. Өнеркәсіп орындарының өндірістік қуаттары артып, ауыл шаруашылығы мен өндіріс салалары жаңғыртылуда,

инфрақұрылым мен тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық жүйесі жетілдірілуде. Заманауи тұрғын үйлер Макинск қаласының сәулеттік келбетіне жаңа серпін беріп, тұрғындарға жайлы орта қалыптастыруда.

Мемлекет басшысы айқындаған маңызды мемлекеттік жобалар мен бағдарламалар кезең-кезеңімен жүзеге асырылуда. Олардың басты мақсаты - халықтың өмір сүру сапасын арттыру, өңірлерді дамыту және әрбір азаматқа қолайлы жағдай жасау.

Халықтың әл-ауқаты - Қазақстан Республикасының мемлекеттік саясатының басты басымдықтарының бірі. Сондықтан тұрғын үймен қамтамасыз ету, әлеуметтік қолдау көрсету, инфрақұрылымды дамыту және өңірлердің тұрақты дамуы мемлекет назарында.

Бұланды ауданы тұрғындарын осы қуанышты оқиғамен құттықтай отырып, Ақмола облысының әкімі Марат Мұратұлы Ахметжанов мұндай шаралар өңірдің және тұтас еліміздің әлеуетін нығайтатынын атап өтті. Алға қойған мақсаттарға жету жолында кездесетін қиындықтар бірлескен еңбек, ауызбіршілік пен ортақ күш-жігер арқылы еңсерілетінін айтты.

Бүгінгі баспана кілттерін табыстау рәсімі - мемлекеттік саясаттың нақты нәтижесінің, халыққа деген қамқорлықтың және тұрақты дамудың айқын көрінісі.

Жаңа үйлерде әрдайым береке, тыныштық, молшылық пен отбасылық бақыт орнасын! Әрбір жаңа қоныстанушы бейбіт аспан астында жарқын болашаққа сеніммен қадам басын!



Ключи от нового дома – символ надежды, стабильности и заботы государства

Для жителей города Макинска состоялось по-настоящему значимое и долгожданное событие - торжественное вручение ключей от новых квартир очередникам, состоящим в списках на получение жилья. Этот день стал

настоящим праздником для многих семей, которые долгие годы ожидали возможности обрести свой родной уголок, заветные квадратные метры и уверенность в завтрашнем дне.

В торжественной церемонии

вручения ключей принял участие аким Ақмолинской области Марат Ахметжанов. Также в праздничном мероприятии приняли участие заместитель главы региона Алтынай Амренова, руководители областных

структур, аким Бұландынского района Ардақ Смаилов, заместитель акима района, председатель районного Совета ветеранов Бигайша Тұртанова, председатель районного Совета Аксакалов Шахман Кусаинов,

руководители районных организаций, молодежь, жители города. Разделив радость новосёлов, глава региона Марат Ахметжанов подчеркнул важность реализации государственной жилищной политики,

направленной на повышение качества жизни граждан, поддержку социально уязвимых категорий населения и создание комфортных условий для проживания.

(Продолжение на 2 стр.).



АПТА ЖАҢАЛЫҚТАРЫ – НОВОСТИ НЕДЕЛИ

Ключи от нового дома – символ надежды, стабильности и заботы государства

(Продолжение, начало на 1 стр.).

Для многих семей этот день стал исполнением самой заветной мечты. В руках - долгожданные ключи, а в глазах - искренняя радость, волнение и благодарность. Счастливые улыбки, тёплые слова и неподдельные эмоции наполнили атмосферу праздника. На торжественное мероприятие жители пришли вместе со своими родными и близкими - нарядные, счастли-

вые, с ощущением нового важного этапа в жизни.

Среди обладателей новых квартир - представители социально уязвимых категорий граждан: многодетные матери, лица с ограниченными возможностями, дети-сироты и дети, оставшиеся без попечения родителей, а также другие категории граждан, которые нуждались в государственной поддержке.

Получая ключи от новых

квартир, новосёлы выражали искреннюю благодарность Президенту Республики Казахстан, руководству области и местным исполнительным органам за внимание к вопросам благополучия граждан и последовательную работу по обеспечению населения доступным и качественным жильём.

Для каждого из них новый дом - это не просто стены и квадратные метры. Это место, где будут расти дети, звучать семейный смех, строиться планы и рождаться новые мечты. Это символ стабильности, заботы и уверенности в будущем.

Особенно важно, что такие события происходят в мирной и стабильной стране, где созданы условия для созидательного труда и развития. Жители отметили, что самое главное богатство - это мирное небо над головой, согласие в обществе и уверенность в завтрашнем дне.

Сегодня Буландынский район уверенно развивается и с каждым годом укрепляет свой потенциал. В регионе увеличиваются производственные мощности предприятий, модерни-

зируются отрасли сельского хозяйства и промышленности, совершенствуется инфраструктура, развивается жилищно-коммунальная сфера. Новые современные жилые дома становятся частью обновлённого архитектурного облика города Макинска, создавая комфортную и благоприятную среду для жителей.

Реализуются масштабные государственные программы и инициативы, обозначенные Главой государства. Их главная цель - повышение качества жизни населения, развитие территорий и создание условий, при которых каждый гражданин чувствует поддержку и заботу государства.

Благополучие народа является одним из главных приоритетов государственной политики Республики Казахстан. Именно поэтому вопросы социальной поддержки, строительства жилья, развития инфраструктуры и укрепления регионов находятся в центре внимания государственных органов.

Поздравляя жителей Буландынского района с этим знаменательным событием, аким



Акмолинской области Марат Муратович Ахметжанов отметил, что такие события укрепляют потенциал региона и всей страны. По его словам, движение вперёд продолжается, а возникающие задачи и трудности преодолеваются благодаря совместной работе, единству и ответственности.

Этот светлый день стал ярким примером того, что последовательная государственная политика, труд и стремление к раз-

витию дают реальные результаты. Новые квартиры стали не только подарком для семей, но и символом больших возможностей, новых надежд и счастливого будущего.

Пусть в новых домах всегда царят тепло, уют, достаток и семейное счастье! Пусть каждый новосёл с уверенностью смотрит вперёд, строит планы и радуется каждому новому дню под мирным небом Казахстана.

А. АМАНЖОЛОВА.

Жаңа мәдениет ошағы – ауыл дамуының жарқын көрінісі

Мәдениет - ауылдың рухани тірегі, халықты біріктіретін орта және де кез келген елді мекеннің әлеуметтік өмірінде мәдениет саласы ерекше орын алады. Себебі мәдениет - халықтың рухани байлығын сақтайтын, ұлттық құндылықтарды дәріптейтін, адамдарды ортақ мақсатқа біріктіретін маңызды бағыттардың бірі. Бүгін Буланды ауданына қарасты Вознесенка ауылында тұрғындар үшін көптен күткен қуанышты оқиға орын алды - ауылда жаңа 100 орындық Мәдениет үйінің салтанатты ашылуы өтті.

Бұл күн ауыл халқы үшін ерекше мерекеге айналды. Жаңа нысанның ашы-

лу рәсіміне Ақмола облысы әкімінің орынбасары Алтынай Байқадамқызы Әміренова қатысып, тұрғындардың қуанышымен бөлісті. Ол ауыл тұрғындарын маңызды оқиғамен құттықтап, жаңа мәдениет ошағының елді мекеннің дамуына, халықтың бос уақытын тиімді ұйымдастыруға және шығармашылық мүмкіндіктерін арттыруға үлкен үлес қосатынын атап өтті. Ауыл тұрғындарын керемет оқиғамен құттықтаған Алтынай Байқадамқызы ауылдың мәдениет ошағына 1 миллион теңгелік сертификат табыс етті.

Заманауи үлгіде бой көтерген жаңа ғимарат бүгінде ауылдың көркіне айналып отыр. Оның

сәулеттік келбеті көз тартады, айналасы абаттандырылған, ал іші жарық, кең әрі жылы. Мұнда тұрғындардың мәдени, шығармашылық және қоғамдық іс-шараларын өткізуге барлық жағдай жасалған.

Маңызды әлеуметтік нысанның құрылысына мемлекеттік бюджеттен 884 миллион теңге бөлінді. Бұл - ауылдық жерлерді дамытуға, халықтың өмір сүру сапасын жақсартуға және заманауи әлеуметтік инфрақұрылым қалыптастыруға бағытталған мемлекеттік қолдаудың нақты көрінісі.

Жаңа Мәдениет үйі - жай ғана ғимарат емес. Бұл - ауыл

толықтырылып, түрлі тақырыптағы көрмелер ұйымдастырылған. Енді ауыл тұрғындары үшін кітап оқып, білімін арттырып, рухани демалуға арналған заманауи орын бар.

Мәдениет үйінің әр бұрышында өмір қайнап тұр. Бір бөлмеде қазақтың қасиетті қара домбырасының әсем үні естіліп, жас өнерпаздар ұлттық өнерді меңгеруде. Екінші залда шахмат ойыны арқылы балалар мен жастардың ой-өрісі дамып келеді. Тағы бір бөлмеде қазақ әндері



тұрғындарының басын қосатын, таланттарды танытатын, ұлттық өнерді насихаттайтын, балалар мен жастардың шығармашылық қабілеттерін дамытуға мүмкіндік беретін рухани орталық.

Ғимарат ішіне кірген сәттен-ақ оның әр бөлмесі тұрғындар үшін үлкен мүмкіндіктерге арналғаны байқалады. Ерекше назар аударатын орындардың бірі - кең әрі жарық кітапхана. Мұнда кітап қоры

шырқалып, әншілік өнерге қызығушылық танытқан жандар өз қабілеттерін шыңдауда.

Ал кең әрі заманауи спорт залында жастар волейбол ойнап, салауатты өмір салтын ұстануға мүмкіндік алып отыр. Мұндай жағдайлар ауыл жастарына спортпен айналысуға, белсенді болуға және өз қабілеттерін дамытуға үлкен мотивация береді.

Мәдениет үйіндегі ең басты орындардың бірі - кең әрі жарық концерт залы. Мұнда түрлі мерекелік іс-шаралар, концерттер, шығармашылық кеш-

тер, халықпен кездесулер мен қоғамдық жиындарды жоғары деңгейде өткізуге барлық мүмкіндік қарастырылған.

Бүгінде елімізде ауылдық аумақтарды дамыту, халыққа қолайлы жағдай жасау және әлеуметтік инфрақұрылымды жетілдіру бағытында ауқымды жұмыстар жүргізілуде. Мемлекет басшысы айқындаған маңызды міндеттердің бірі - ауыл мен қала тұрғындары үшін тең мүмкіндіктер қалыптастыру, өмір сүру сапасын арттыру.

Вознесенка ауылындағы жаңа Мәдениет үйі - осы бағыттағы жүйелі жұмыстардың нақты

нәтижесі. Ол ауыл тұрғындары үшін жаңа мүмкіндіктер есігін ашып, келешек ұрпақтың дамуына, шығармашылығына және қоғамдық белсенділігіне жол ашады.

Жаңа мәдениет ошағы әрдайым қуаныш пен шаттыққа толы болсын! Оның сахнасынан әсем әндер шырқалып, талантты өнерпаздар түлеп ұшсын, ал кең залдарында игі кездесулер мен жарқын мерекелер көптеп өтсін. Вознесенка ауылының жаңа Мәдениет үйі халықтың рухани дамуы мен бірлігінің символына айнала берсін!

А. АМАНЖОЛОВА.

АУДАН ТЫНЫСЫ – ПУЛЬС РАЙОНА

«Таза Қазақстан» республикалық экологиялық акциясы аясында

«Таза Қазақстан» республикалық экологиялық акциясы аясында Макинск қаласының қалалық саябағында қала тұрғындарының қатысуымен сенбілік өтті. Іс-шараға қатысушылар туған қаланың тазалығы мен көркеюіне өз үлестерін қосып, қоғамдық демалыс аумағын абаттандыру жұмыстарына белсене қатысты.

Сенбілік барысында тұрмыстық қалдықтар жиналып, қураған бұтақтар мен жапырақтар тазартылды, саябақтағы серуендеу жолдары мен демалыс орындары ретке келтірілді. Бірлескен еңбектің нәтижесінде саябақтың келбеті жаңарып, тұрғындардың демалуына қолайлы әрі таза орта қалыптасты.

«Таза Қазақстан» республикалық экологиялық акциясының басты мақсаты – экологиялық мәдениетті қалыптастыру, қоршаған ортаға ұқыпты қарауды насихаттау және азаматтардың экологиялық жауапкершілігін арттыру. Акцияның негізгі қағидаты – тазалық әр адамның өзінен басталады. Табиғатты қорғау, қоғамдық орын-

дарды таза ұстау, қоршаған ортаны аялау және жас ұрпаққа экологиялық тәрбие беру – барша қоғамның ортақ міндеті.

Осындай игі бастамалар тұрғындарды ортақ мақсатқа жұмылдырып, туған жерге деген сүйіспеншілікті, табиғатқа деген жанашырлықты және азаматтық жауапкершілікті нығайтады. Әрбір адамның жасаған игі ісі қоршаған ортаның тазалығын сақтауға және еліміздің көркеюіне өз үлесін қосады.

Өткен сенбілік «Таза Қазақстан» тұжырымдамасының маңыздылығын тағы бір мәрте айқындап, табиғатты қорғау мен туған өлкені таза ұстау – баршамыздың ортақ міндетіміз екенін көрсетті. Осындай бірлескен жұмыстардың арқасында қаламыз көркейіп, келер ұрпаққа таза әрі жайлы орта қалыптасады.



Вместе за чистоту родного города!

В рамках республиканской экологической акции «Таза Қазақстан» в городском парке города Макинска состоялся субботник, объединивший неравнодушных жителей, стремящихся внести свой вклад в благоустройство родного города.

Участники акции дружно вышли на уборку общественной территории, чтобы сделать одно из любимых мест отдыха горожан ещё чище, уютнее и комфортнее.

Во время субботника были собраны бытовой мусор, сухие ветки и опавшая листва, очищены прогулочные аллеи, приведены в порядок зелёные зоны и места отдыха. Благодаря совместным усилиям парк заметно преобразился, став более привлекательным для жителей и гостей города.

Республиканская экологическая акция «Таза Қазақстан» направлена на формирование экологической культуры, воспитание бережного отношения к окружающей среде и развитие гражданской ответственности. Её главная идея заключает-

ся в том, что чистота начинается с каждого человека, а забота о природе является общей обязанностью всех жителей страны. Концепция акции призывает не только участвовать в субботниках, но и ежедневно соблюдать чистоту, беречь природные ресурсы, сохранять общественные пространства и воспитывать у подрастающего поколения ответственное отношение к окружающему миру.

Подобные мероприятия способствуют объединению людей вокруг общей благородной цели – сделать города и сёла Казахстана чище, красивее и комфортнее для жизни. Совместный труд укрепляет чувство ответственности за родной край, воспитывает уважение к природе и показывает, что даже небольшой вклад каждого человека способен привести к значительным положительным изменениям.

Проведённый субботник стал ещё одним подтверждением того, что только совместными усилиями можно создать благоприятную экологическую среду и сохранить красоту родного города для будущих поколений.

А. АМАНЖОЛОВА.

«Виртуоз» – гордость района и кузница цирковых талантов

Народный цирковой коллектив «Виртуоз» районного Дома культуры по праву считается одним из самых известных и любимых творческих коллективов Буландынского района. На протяжении многих десятилетий он является настоящей визитной карточкой районной сцены, неизменно восхищая зрителей яркими, зрелищными и профессионально исполненными цирковыми номерами. Выступления коллектива хорошо известны не только жителям Буландынского района, но и далеко за его пределами.

История «Виртуоза» – это история преданности цирковому искусству, ежедневного труда, творческого поиска и безграничной любви к своему делу. За долгие годы существования коллектив стал настоящей школой мастерства, где выросло не одно поколение талантливых артистов. Многие его выпускники и сегодня с особой теплотой вспоминают годы занятий и выражают искреннюю благодарность своим наставникам за знания, поддержку, терпение и верность выбранной профессии.

Сегодня народный цирковой коллектив продолжает успешно развиваться под руководством Руслана и Алёны Литовченко. Благодаря их высокому профессионализму, творческой энергии и преданности своему делу коллектив сохраняет лучшие традиции циркового искусства, постоянно совершенствует своё мастерство и воспитывает новых талантливых артистов. Руководители не только обучают детей сложным цирковым элементам, но и помогают раскрыть их способно-



сти, воспитывают дисциплину, трудолюбие, ответственность и уверенность в собственных силах.

Высокий уровень исполнительского мастерства и многолетняя плодотворная деятельность коллектива были заслуженно отмечены присвоением почётного звания «Народный». Это звание является признанием огромного вклада коллектива в развитие культуры Буландынского района и свидетельством высокого художественного уровня его творческой деятельности.

Очередным подтверждением профессионализма воспитанников и их наставников стали успешные выступления на Чемпионате Республики Казахстан по спорту на пилоне, который прошёл в городе Астане. Представительницы студии

достойно продемонстрировали силу, грацию, артистизм, отличную физическую подготовку и высокий уровень исполнительского мастерства.

По итогам чемпионата воспитанницы цирковой студии «Виртуоз» завоевали заслуженные награды.

Золотую медаль получила: Мушкет Варя – спорт на пилоне.

Серебряными призёрами стали:
- Маша Кравченко – арт-полотно;
- Милана Мелак – спорт на пилоне;
- Соня Мелак – арт-пилон;
- Белла Полищук – спорт на полотнах.
Бронзовые награды завоевали:
- Яна Тарасюк – спорт на кольце;

- Амина Хутиева – парное кольцо (спорт);
- Альбина Мелак – спорт на пилоне, дуэт на кольце;
- Назыбек Айжан – спорт на кольце;
- Томирис Серик – спорт на пилоне.

Эти победы стали закономерным результатом упорных тренировок, целеустремлённости юных спортсменов, поддержки родителей и профессиональной работы руководителей коллектива. За каждой медалью стоят ежедневный труд, преодоление трудностей, стремление к совершенству и настоящая любовь к цирковому искусству.

Сегодня «Виртуоз» остаётся настоящей кузницей талантов, открывая новые имена и воспитывая будущих артистов. Коллектив достойно представляет Буландынский район на конкурсах, фестивалях и чемпионатах различного уровня, прославляя родной край своими достижениями и подтверждая высокий статус одного из лучших творческих коллективов региона.

От всей души поздравляем воспитанниц народного циркового коллектива «Виртуоз», а также его руководителей Руслана и Алёну Литовченко с достойными результатами на Чемпионате Республики Казахстан! Желаем крепкого здоровья, неиссякаемого вдохновения, новых творческих проектов, ярких выступлений, громких побед и покорения новых вершин. Пусть коллектив и дальше остаётся символом высокого мастерства, преданности искусству и гордостью Буландынского района!

А. АМАНЖОЛОВА.

Волшебство красок и детской фантазии



В рамках работы кружка «Волшебство детских рук» в Модельной детской библиотеке состоялось творческое мероприятие «Мир красок», посвящённое одному из самых ярких и любимых времён года – лету.

Юные участники с большим интересом и вдохновением погрузились в мир творчества. Вооружившись кистями, карандашами и яркими красками, ребята создавали красочные рисунки, передавая на бумаге своё представление о лете. На их работах оживали солнечные дни, цветущие луга, голубое небо, бабочки, радуга, морские пейзажи и любимые летние развлечения. Каждый рисунок получился особенным, ведь дети проявили фантазию, творческое мышление и индивидуальный взгляд на окружающий мир.

Во время занятия царила тёплая и дружеская атмосфера. Участники с удовольствием делились своими идеями, обсуждали работы друг друга, поддерживали друзей и с радостью демонстрировали свои маленькие художественные шедевры. Такие творческие встречи помогают детям развивать воображение, художественные навыки, мелкую моторику, а также воспитывают любовь к искусству и умение видеть красоту в окружающем мире.

Завершилось мероприятие весёлой фотосессией, во время которой ребята с гордостью представили свои рисунки. На память о встрече остались яркие фотографии, искренние улыбки и множество положительных эмоций. Творческое мероприятие «Мир красок» подарило всем участникам хорошее настроение, вдохновение и желание вновь встретиться в библиотеке для новых интересных занятий и творческих открытий.

**Г. НУРКИШЕВА, старший специалист
Модельной детской библиотеки.**



АУЫЛ ШАРУАШЫЛЫҚ САЛАСЫ – ЭКОНОМИКАНЫҢ НЕГІЗІ

Жаңа егіннің астығы да құт қамбаға құйылатын күн жақын

Егін орағына дайындық ауыл шаруашылығы саласында шешуші рөл атқарады. Себебі, оның нәтижесі шаруа қожалықтарының табысына да, ел экономикасына да әсер етеді. Қазіргі уақытта облыс аумағына егілген егістік көлемінің 67,9 пайызы немесе 3,1 миллион гектары жақсы, қалғаны қанағаттанарлық жағдайда деп бағалануда.

Биыл облыстағы егін жиналатын алқап көлемі 5,6 миллион гектар аумақты құрайды, бұл өткен жылмен салыстырғанда 157,8 мың гектарға артық. Соның ішінде жаздық егіс көлемі 5,5 миллион гектарды құрап, өткен жылмен салыстырғанда 127,7 мың гектарға ұлғайды.

Ағымдағы жылы дәнді және дәнді-бұршақты дақылдар 4,5 миллион гектар алқапқа себілді. Сонымен қатар, биыл майлы дақылдар алқабы 325 мың гектарға кеңейтіліп, 820,3 мың гектар алқаптан жиналады. Мал азықтық дақылдар 368,5 мың гектар алқапқа егілген. Бұл мал азықтық дақылдардың жаздық егіс көлемі 169,1 мың гектарды құрайды. Биыл ақмолалықтар 9,4 мың гектар алқаптан картоп, 1,6 мың гектар алқаптан көкөніс дақылдарын жинайды.

Жалпы, өңірде егілген алқаптардан сапалы өнім жинау үшін тиісті агротехникалық шаралар қабылданып жатыр. Топырақ құнарлылығын арттыру және ауыл шаруашылығы

дақылдарының өнімділігін жоғарылату мақсатында топыраққа минералды тыңайтқыштарды енгізу бойынша жұмыстар кезең-кезеңімен жүргізілуде. 2026 жылғы 23 шілдедегі жағдай бойынша 330 мың тоннаны құрайтын минералды тыңайтқыштарды сатып алуға келісім-шарттар жасалған. Бұл Жол картасында белгіленген көрсеткіштің 76 пайызын құрайды. Айта кету керек, жетпей қалған минералды тыңайтқыштар жерді өңдеудің соңғы кезеңінде енгізіледі.

Ағымдағы жылы егістік алқаптарын арамшөптерден қорғау шаралары 4,6 миллион гектар алқапта жүргізілді, бұл жоспардың 114,5 пайызын құрайды. Оның ішінде қосжарнақты арамшөптерді химиялық жолмен улау 2,9 миллион гектар алқапта, ал, астық тұқымдас арамшөптерді жоюға арналған химиялық өңдеулер 1,6 миллион гектар алқапта орындалды.

Күзгі дала жұмыстарын жүргізу үшін Қазақстан Республикасы Үкіметі тарапынан 81,2 мың тонна жеңілдетілген дизель отыны бөлінді. Шілде айында оның 15,2 мың тоннасын, тамызда 28,5 мың тоннасын, қыркүйекте 37,4 мың тоннасын тиеп-жөнелту жоспарланған және солай істеліп келеді. Ауыл шаруашылығы тауарын өндірушілер үшін дизель отынының бағасы бір литрге шаққанда 305 теңгеден аспайды.

Сөйтіп, биыл егін орау науқанына 7 мыңға жуық астық жинайтын комбайн, 4,8 мың заманауи жоғары өнімді тех-



ника, 2,7 мың жатка және 4,8 мың жүк автокөлігі тартылды. Техниканың дайындығы 95 пайызды құрайды. Облыста машина-трактор паркін жаңарту бойынша жұмыстар тұрақты негізде жүргізілуде.

2026 жылғы өнімді сақтау үшін жалпы сыйымдылығы 4,3 миллион тонна болатын 66 лицензияланған элеватор, сондай-ақ, ауыл шаруашылығы тауарын өндірушілердің 2,9 миллион тонна астық сақтайтын қоймалары пайдаланылатын болады. Жалпы, облыс аумағындағы астық қоймаларының сыйымдылығы 7,2 миллион тоннаны құрайды. Бидайды кептіру үшін 264 астық кептіргіш әзірленді, оның ішінде 134-і астық қабылдау кәсіпорындарында, 130-ы ауыл шаруашылығы тауарын өндірушілерде.

Қазіргі уақытта элеваторлардағы астық қорларын босату, барлық астық кептіргіштер мен астық тазалау техникаларының үздіксіз жұмысын қамтамасыз ету бойынша ауқымды жұмыстар ұйымдастырылуда. Сонымен қатар, барлық қоймалар астық қоры зиянкестеріне қарсы залалсыздандырылуда. Өйткені, жаңа егіннің астығы да өне-міне, құт қамбаға құйылғалы тұр.

2026-2027 жылдардағы мал қыстату кезеңіне дайындық аясында мал шаруашылығын жемшөппен

қамтамасыз ету жұмыстары жалғасуда. Ағымдағы жылғы 24 шілдедегі жағдайға сәйкес, облыста 840,1 мың тонна шөп дайындалды, бұл жоспардың 62,3 пайызын құрайды. Бұдан бөлек, ауыл шаруашылығы тауар өндірушілерінде өткен жылдан қалған 238 мың тонна шөп қоры бар. Сондай-ақ, 57,6 мың тонна пішендеме дайындалып, бұл жоспардың 23,1 пайызын құрады. Аталған бағыттағы жұмыстар жалғасуда.

2026 жылғы 24 шілдедегі жағдай бойынша егістік алқаптарының 3,1 миллион гектары немесе 67,9 пайызы жақсы жағдайда, ал, 1,4 миллион гектары немесе 32,1 пайызы қанағаттанарлық жағдайда. Қазіргі уақытта 900 мыңға жуық гектар алқаптағы өнім масақтанып жатса, 3372,6 мың гектар алқапта өнім гүлдеуде, ал, 224,8 мың гектар аумақтағы астық пісуге жақын.

Ағымдағы аграрлық маусымда көктемгі егіс және егін жинау жұмыстарын жеңілдетілген несиелеуге арналған «Кең Дала - 2» бағдарламасы аясында бүгінгі күні 906 ауыл шаруашылығы тауарын өндірушіге 124,1 миллиард теңге көлемінде несие берілді. Мұның бәрі көп ұзамай басталатын жауапты науқан – егін жинауға өз жанды көмегін тигізетіндігіне сенім мол.

Н. БАДЫРАҚОВ, Ақмола облыстық ауыл шаруашылығы және жер қатынастары басқармасының басшысы.

Орманды өрттен қорғау

Орман – табиғаттың адамзатқа тартқан баға жетпес байлығы. Ол қоршаған ортаның тепе-теңдігін сақтап, ауаны оттегімен байытады, топырақты эрозиядан қорғайды, өзен-көлдердің су қорын толықтыруға ықпал етеді. Сонымен қатар орман – сан алуан жануарлар мен құстардың, өсімдіктер мен жәндіктердің табиғи мекені. Сондықтан орманды қорғау – тек орман шаруашылығы қызметкерлерінің ғана емес, әрбір азаматтың ортақ міндеті әрі азаматтық парызы.

Жыл сайын көктем мен жаз мезгілдерінде орман өртінің қаупі күшейеді. Ауа райының ыстық әрі құрғақ болуы өрттің тез тара-

луына қолайлы жағдай жасайды. Мамандардың айтуынша, орман өрттерінің басым бөлігі адам факторынан туындайды. Табиғат аясында сөндірілмеген алау, жерге тасталған темекі тұқылы немесе сіріңке, құрғақ шөпті әдейі өртеу, сондай-ақ орманда қалдырылған шыны бөтелке сынықтары ірі өрттің шығуына себеп болуы мүмкін.

Орман өрті табиғатқа ғана емес, экономикаға да зор зиян келтіреді. Өрт салдарынан бағалы ағаш қоры жойылып, аң-құстардың табиғи тіршілік ортасы бұзылады.

Құрметті тұрғындар! «Ақмола облысы табиғи ресурстар және

табиғатты пайдалануды реттеу басқармасының Отрадненск орман шаруашылығы, Бөрлі орманшылығы» коммуналдық мемлекеттік мекемесі сіздерді өрт қауіпсіздігі талаптарын қатаң сақтауға, табиғатты қорғауға және туған өлкеміздің жасыл байлығына жанашырлықпен қарауға шақырады.

Орманды өрттен бірге қорғайық! Табиғатты аялау – туған жерге деген шынайы қамқорлықтың белгісі.

Ж. САҒЫНДЫҚ, Отрадненск орман шаруашылығы, Бөрлі орманшылығының бас орманшысы.

Шөп шабу науқаны: қауіпсіздік қағидаларын сақтау

Жаз мезгілінің басталуына байланысты Бұланды ауданының аумағында шөп шабу және мал азығын дайындау жұмыстары қарқынды жүргізілуде. Сонымен қатар табиғи өрттердің туындау қаупі жоғары деңгейде сақталуда. Ыстық, құрғақ әрі желді ауа райы жағдайында тіпті болмашы ғана ұшқынның өзі ауыл шаруашылығы алқаптарының, орман алқаптарының өртенуіне және адамдардың өмірі мен денсаулығына қауіп төндіретін ірі өрттің шығуына себеп болуы мүмкін.

Бұланды ауданының Төтенше жағдайлар бөлімі шөп шабу жұмыстарын жүргізу кезінде өрт

қауіпсіздігі талаптарын қатаң сақтау қажеттігін еске салады. Жұмыс басталар алдында ауыл шаруашылығы техникасы толық техникалық жарамды болуы, ұшқын сөндіргіштермен және бастапқы өрт сөндіру құралдарымен жабдықталуы тиіс. Өрттің шығуына себеп болуы мүмкін ақауы бар техниканы пайдалануға жол берілмейді.

Құрғақ өсімдіктерді уақытылы шабуға ерекше назар аудару қажет. Құраған шөп басқан алқаптар өрттің тез таралу қаупін едәуір арттырады. Жұмыстар аяқталғаннан кейін егістік алқаптарында тез тұтанатын материалдарды, май сіңген шүберектерді

және қоқысты қалдыруға тыйым салынады.

Аңызды, құрғақ шөпті және егін жинағаннан кейінгі қалдықтарды өртеуге қатаң тыйым салынады. Мұндай әрекеттер қоршаған ортаға, ауыл шаруашылығына және елді мекендерге елеулі зиян келтіретін ірі дала және орман өрттерінің туындауына жиі себеп болады. Отпен абайсыз жұмыс істеу, тасталған темекі тұқылы немесе толық сөндірілмеген алау да ауыр зардаптарға әкелуі мүмкін.

Төтенше жағдайлардың алдын алу мақсатында Бұланды ауданының Төтенше жағдайлар бөлімінің

қызметкерлері жергілікті атқарушы органдардың және полиция қызметкерлерінің қатысуымен ауылдық округтерде, егістік алқаптарында және орман алқаптарында профилактикалық рейдтік-шаралар өткізуде. Іс-шаралар барысында азаматтарға өрт қауіпсіздігі талаптары түсіндіріліп, жадынамалар таратылып, Қазақстан Республикасы заңнамасының талаптарын бұзғаны үшін жауапкершілік туралы ескертіледі.

Құрметті аудан тұрғындары және ауыл шаруашылығы тауарын өндірушілер!

Шөп шабу кезінде өрт қауіпсіздігі қағидаларын сақтау және құрғақ

өсімдіктерді өртеуге жол бермеу – егінді, табиғи ресурстарды, мүлкті және адам өмірін сақтаудың басты кепілі.

Бұланды ауданының Төтенше жағдайлар бөлімі аудан тұрғындарын жоғары жауапкершілік танытуға, өрт қауіпсіздігі талаптарын қатаң сақтауға және өрт оқиғалары орын алған жағдайда дереу 112 нөміріне хабарлауға шақырады. Табиғи өрттердің алдын алып, ауданымыздың қауіпсіздігін тек бірлескен күш-жігер арқылы ғана қамтамасыз ете аламыз.

Бұланды ауданының Төтенше жағдайлар бөлімі.

Азаматтардың басым көпшілігі «Заң мен Тәртіп» қағидаты мен «Таза Қазақстан» идеясын қолдайды

Қазақстандық қоғамдық даму институты 2026 жылдың II тоқсанындағы қоғамдық-саяси ахуалға арналған әлеуметтанулық зерттеу нәтижелерін жариялады. Зерттеуге еліміздің барлық өңірінен 2 400 респондент қатысты.

Зерттеу қорытындысы қазақстандықтардың мемлекеттік бастамаларға жоғары қолдау білдіретінін көрсетті.

Зерттеудің негізгі нәтижелері: 87,3% азамат «Заң және тәртіп» қағидатының жүзеге асырылып жатқанын біледі. Ауыл тұрғындары арасында да ақпараттану деңгейі жоғары – 85,1%.

74,2% респондент заң мен тәртіпті қамтамасыз ету – мемлекет пен азаматтардың ортақ жауапкершілігі немесе әр азаматтың жеке жауапкершілігі деп есептейді. Оның ішінде 43,6% бұл жауапкершілік мемлекет пен қоғамға бірдей тиесілі десе, 30,6% ең алдымен әрбір азамат жауапты болуы керек деген пікірде.

Азаматтық жауапкершілік деңгейі жастар арасында жоғары. 18–28 жас аралығындағы жастардың 52,8%-ы заңның сақталуы ең алдымен әр азаматқа байланысты деп



санайды.

Мемлекет басшысының «Таза Қазақстан» бастамасын 67,1% респондент қолдайды. Экологиялық мәдениетті қалыптастыру және қоршаған ортаға ұқыпты қарау идеясы әртүрлі жас пен мамандық иелері арасында кең қолдау тапқан.

66% қазақстандық 2026 жылдың Цифрландыру және жасанды интеллект жылы болып жариялануын маңызды деп есептейді. Ал 60,7% жасанды интеллект технологияларын елдің негізгі даму салаларына белсенді енгізуді қолдайды.

Большинство граждан поддерживают принцип «Закон и Порядок» и идею «Таза Қазақстан»

Казахстанский институт общественного развития представил результаты социологического исследования общественно-политической ситуации за II квартал 2026 года. В опросе приняли участие 2 400 респондентов из всех регионов страны.

Исследование показало высокий уровень поддержки ключевых государственных инициатив.

Основные результаты исследования: 87,3% казахстанцев знают о реализации принципа «Закон и порядок». При этом среди жителей сельской местности уровень информированности также остается высоким – 85,1%.

74,2% респондентов считают, что обеспечение законности – это общая ответственность государства и граждан либо личная ответственность каждого человека. Из них 43,6% уверены, что ответственность должна

быть совместной, а 30,6% считают, что прежде всего она лежит на каждом гражданине.

Молодежь демонстрирует наиболее высокий уровень гражданской ответственности: 52,8% казахстанцев в возрасте 18-28 лет считают, что соблюдение закона зависит в первую очередь от каждого человека.

Президентскую инициативу «Таза Қазақстан» поддерживают 67,1% опрошенных. Идея формирования экологической культуры и бережного отношения к окружающей среде получила поддержку среди представителей разных возрастов и профессий.

66% участников исследования считают важным объявление 2026 года Годом цифровизации и искусственного интеллекта, а 60,7% поддерживают активное внедрение технологий искусственного интеллекта в ключевые сферы развития страны.

МЕМЛЕКЕТТІК САЯСАТ

Жаңа Заң – мемлекеттік қызметтегі тарихи бетбұрыс

Мемлекеттің қуаты мен азаматтардың әл-ауқаты әрқашан мемлекеттік қызметшілердің құзыреттілік деңгейімен өлшенеді. Сол себепті кадрлық әлеуетті шыңдау мен олардың кәсіби шеберлігін арттыруға ерекше екпін беру - басты басымдықтардың бірі. Осы орайда биылғы жыл еліміздің мемлекеттік қызмет жүйесін жаңғырту бағытындағы түбегейлі бетбұрыстар кезеңі ретінде тарихқа енбек. Ең әуелі Қазақстан Республикасы Мемлекеттік қызмет істері агенттігімен қолданыстағы заңнамаға, құқықтық актілерге терең сараптама жасалып, азаматтардың, соның ішінде мемлекеттік қызметшілердің ұсыныстары мен өтініштеріне терең талдау жүргізілді. Дамыған елдердің озық үлгілері мен тиімді басқару модельдері зерделенді. Осынау кешенді ізденістер мен ауқымды дайындық жұмыстарының нәтижесінде, мемлекеттік қызмет саласындағы заңнаманы уақыт тынысына сай жаңарту жаңа серпінмен қолға алынды. Атап айтқанда, 2026 жылғы 19 мамырда Мемлекет басшысы «Қазақстан Республикасының мемлекеттік қызметі туралы» Заңына және «Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне мемлекеттік қызмет мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» Заңына

қол қойды. Қазақстан Республикасының мемлекеттік қызметін дамытудың 2024-2029 жылдарға арналған тұжырымдамасы аясында қабылданған осынау жаңа заңнамалық өзгерістер мемлекеттік қызметтің мазмұны мен философиясын түбегейлі жаңартты.

Реформаның басты өзегі – құжат айналымынан гөрі бұқараның мәселесін шешуді алдына мақсат қоятын, бюрократия мен формализмнен ада «сервистік мемлекет» моделіне көшу. Осыған орай, заңда алғаш рет мемлекеттік қызметшінің кәсіби, әдептік келбеті мен қоғам алдындағы жауапкершілігі нақты бекітіліп, клиентке бағдарлану, ашықтық және тиімді коммуникация сияқты талаптар күшейтілді. Нәтижесінде, лауазым иелері құрғақ әмір жүргізуші емес, халық пен билік арасындағы алтын көпірге, шынайы сенім өкіліне айналады.

Жаңа заңнамалық актіде құқық бұзушылықтардың алдын алу шараларына басымдық беріліп, мемлекеттік органдар құрылымында арнайы профилактикалық қызметтер мен мемлекеттік қызметшілердің құқықтық кепілдіктерін қорғау тетіктерін енгізу көзделген. Әдеп жөніндегі уәкілдердің мәртебесі мен тәуелсіздігін нығайту арқылы мемлекеттік аппараттағы

әділдік пен ұйымдық мәдениетті арттыру, сондай-ақ ішкі корпоративтік сенімді нығайту көзделеді. Тұтастай алғанда, бұл құжат мемлекеттік қызмет жүйесін сапалық тұрғыдан жаңғыртудың құқықтық негізі, ал оның стратегиялық мақсаты - халықтың билік институттарына деген сенімін нығайта отырып, адамға бағдарланған, ашық, кәсіби және сервистік модельдегі мемлекеттік аппаратты қалыптастыру болып табылады.

Баршаға мәлім, 2023 жылы Ақмола облысы елімізде алғаш болып мемлекеттік қызметке кадрларды іріктеудің жаңа, заманауи жүйесін сәтті сынақтан өткізді. Бұл жаңашылдық аясында бос лауазымдарға арналған жалпы конкурстар кедергісіз, тікелей eqyzmet.gov.kz бірыңғай порталында, толықтай онлайн режимде жүзеге асырыла бастады. Бүгінгі таңда заңнамалық деңгейдегі тың өзгерістер арқылы мемлекеттік қызметтегі кадрлық процестерді жаппай цифрландыру көзделіп отыр. Бұл реформаның арқалаған жүгі де, көздеген мақсаты да ауқымды. Оның негізгі өзегі - басқару жүйесіндегі ашықтықты барынша арттыру, шешім қабылдау тұсындағы «адам факторын» жою және нағыз біліктілердің бағын жандыратын меритократия қағидатын берік орнықтыру.

Сонымен қатар, ұзақ уақыт бойы бос тұрған лауазымдарға конкурстардың ешбір адами араласусыз, автоматты түрде жарияланып отыруы - мемлекеттік аппараттың жеделдігін арттырмақ. Бұл қадамдар білімді, жігерлі және бәсекеге қабілетті азаматтардың мемлекеттік қызметке еш кедергісіз келуіне даңғыл жол ашып, ел басқару ісіне жаңа серпін бермек.

Бүгінгі таңда елімізде жас мамандарды мемлекеттік қызметке тарту бағытында жүзеге асырылып жатқан реформалар өзінің оң нәтижелерін көрсетуде. Кадрлық әлеуетті арттыру мақсатында енгізілген жаңа тетіктер тәжірибеде тиімді қолданыс тауып отыр. Мәселен, қабылданған шаралардың аясында жоғары оқу орындарын мемлекеттік грант негізінде үздік тәмамдаған 42 түлек Ақмола облысының аудандық және ауылдық деңгейдегі мемлекеттік органдарына конкурс өткізілместен, тікелей лауазымдарға тағайындалды. Оған қоса, Қазақстан Республикасы Президентінің жанындағы Мемлекеттік басқару академиясында жоғары үлгерім көрсеткен 5 түлек те конкурстан тыс іріктеу арқылы түрлі жауапты мемлекеттік қызметтерге қабылданды.

Жаңа заңнама бұл механизмдерді сапалы жаңа деңгейге көтеруге

мүмкіндік берді. Атап айтқанда, заң шеңберінде арнайы «мемлекеттік қызметке даярлау институты» құрылды. Буын аралық сабақтастықты қамтамасыз ететін бұл жүйе болашақ басқарушы кадрларды ерте жастан - мектеп қабырғасынан, жоғары оқу орындарынан және кәсіби даярлық деңгейлерінен бастап мақсатты түрде қалыптастыруды көздейді. Бұл бастама мемлекеттік мүдде мен ұлттық құндылықтарды терең түсінетін, бәсекеге қабілетті және жаңашыл ойлай алатын заманауи басқарушылардың жаңа толқынын тәрбиелеуге бағытталған стратегиялық қадам болып табылады.

Қалыптасу мен дамудың маңызды кезеңдерінен өткен отандық мемлекеттік қызмет жүйесі бүгінде ашықтық, сервистік сипат, ұтқырлық, клиентке бағдарлану, сондай-ақ цифрландыру және бюрократиядан арылу деңгейіне көтерілгенімен, алдағы уақытта әлі де ауқымды стратегиялық міндеттерді еңсеруді талап етеді. Жаңа заң осы бағыттағы мақсат-міндеттерге қол жеткізу үшін жол ашады.

Н. БАТЫРҚҰЛОВ, Қазақстан Республикасы Мемлекеттік қызмет істері агенттігінің Ақмола облысы бойынша департаментінің басшысы, Әдеп жөніндегі кеңес төрағасы.

Қазақстан құрамасы Халықаралық математикалық олимпиадада алты медаль жеңіп алды

Қытай Халық Республикасының Шанхай қаласында 67-ші Халықаралық математикалық олимпиада (International Mathematical Olympiad, IMO) өтті. Әлемдегі ең беделді әрі ең көне зияткерлік білім жарыстарының біріне 117 мемлекеттен 700-ге жуық дарынды оқушы қатысты.

